



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К.Тулбаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

ЦЕЛИНОГРАД ОҚИҒАСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ РЕТІНДЕ

Annotation. The article examines the plan of the Central Committee of the CPSU for the establishment of autonomy in Germany, analyzes the events in Tselinograd, which preserved the integrity of our territory, assesses its place in society.

Key words: German autonomy, USSR, D.A. Kunaev, Tselinograd incident, emigration of Soviet Germans, Ereimentau, Tselinograd.

Қазіргі таңда құлдырап, ыдырап кеткен Кеңес мемлекетінің тарихындағы соңғы жылдардағы оқиғаларға деген қызығушылық артуда. Территориялық тұтастығымызды сақтап қалуға, аңсаған тәуелсіздігімізге жетуге септігін тигізген, ұлы держава КСРО-ны күйреуіне әкеп соқтырған өткір экономикалық және әлеуметтік-саяси дағдарыстың себептері мен бастаулары болған қандай оқиғалар, - деген сұрақтарға түпкілікті жауап алудан әлі күнге дейін алыспыз.

Бұл орайда, сол бір тарихи кезеңдегі кеңес қызметкерлерінің, КОКП мен Кеңес үкіметінің сыртқы және ішкі саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға тікелей қатысқан, тарихи оқиғалардың куәгерлері болған мемлекеттік қайраткерлердің естелік-жазбалары, күнделіктері т.б. сөзсіз қызығушылық тудырады. Белгілі бір оқиғаларға баға беруде субъективтіліктің нышандарына немесе біржақтылықтың көріністеріне қарамастан, бұл естелік-жазбалар басқа дереккөздерде кездеспейтін құнды және деректі материалдарымен ерекшеленеді. Осындай шығармалардың қатарына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың да естеліктер кітабын жатқыза аламыз.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың дәуірі болып есептелетін 70-80-ші жылдар кеңестік саяси жүйенің күрделілігімен және қарама-қайшылыққа толы болуымен сипатталады. Қонаев дәуірін өткізген сол бір тарихи кезеңде орын алған маңызды оқиғалар қатарына:


1. Целиноград оқиғасы
2. Алматыдағы оқиғаны атай аламыз.

1986 жылдың он алтыншы желтоқсанындағы оқиғалар әлі де болсын көпшіліктің есінде екені күмәнсіз: ұзақ уақыт бойы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы және КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі Дінмұхамед Қонаевтың орнына Ульянов облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Геннадий Колбинді ауыстыру туралы жарлыққа жауап ретінде Алматыда мыңдаған қазақ жастарының демонстрациясының өтуі кеңестік саяси жүйенің қарама-қайшылығының жарқын бір мысалы бола алады. Бұл демонстрация орталық кеңестік бұқаралық ақпарат құралдарының беттеріне түсіп, елде кең таралғандығымен ерекшеленеді. Бұл қозғалыс шын мәнінде бүкіл елді тұтатқан ұшқынның бірі болып шықты. Ал одан кейінгі ұлтаралық қақтығыстар лебі бірнеше жылдан кейін Кеңес Одағының ыдырауына себепші болды. Алайда Алматыдағы оқиғадан жеті жыл бұрын орын алған Целиноградта Неміс автономиялық облысының құрылуы туралы маңызды фактіні назарымыздан тыс қалдырмауымыз қажет: 1979 жылы 16 және 19 маусымда Целиноградта мыңдаған қазақстандықтар Қазақстанда Неміс автономиялық облысының құрылуына қарсы митингтер өткізгендігі бірімізге беймәлім.

Оқиға 1941 жылғы 28 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еділ бойындағы аудандарда тұратын немістерді көшіру туралы» Жарлығынан бастау алады. Немістердің автономдық республикасы жойылып, фашистік Германиямен одақтасады деген қауіппен немістер Сібір мен Қазақстанға жер аударылған болатын. Немістердің

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы


Поволжьядағы автономды республикасын қалпына келтіру туралы өтініштерінің орындалмауы, ассимиляцияға ұшырап, мәдениеттерін жоғалтып алу қаупі, осы секілді тағы да басқа факторлар 1970-ші жылдары кеңес немістерінің жаппай Германияға көшуіне түрткі болды.[1]



1-сурет. Кеңес немістерінің эмиграциясы

1-суреттегі диаграммадан 1970 ж. – 342 адам, 1971 ж. – 1 145, 1972 ж. – 3 420, 1973 ж. – 4 493, 1974 ж. – 6 541, 1975 ж. – 5 985, 1976 ж. – 9 704 адамның қоныс аударғанын көре аламыз.[2]

Бұл тығырықтан шығудың жолы ретінде неміс автономиясын құру туралы идеялар 1976 жылы 6 тамызда КОКП Орталық Комитетінің ұйғарымымен Юрий Андропов жетекшілік еткен, 8 адамнан құралған арнайы топ құрылып, идеялар мен ұсыныстар әзірленді.[3] 1978 жылы тамызда мәселені тексерген комиссия Неміс автономдық облысын Қазақстанда құруға болатындығы туралы құжаттар мен ұсыныстар өткізді.



2-сурет. НАО кіретін облыстар

Орталығы Ерейментау қаласында орналасатын, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар және Целиноград облыстарынан құралатын Неміс автономиялық аймағын құру көзделді (2-сурет). Оның аумағы шамамен 46 мың шаршы км-ді, ал халқы 202 мың адамды құрауы керек еді (оның ішінде 30 мыңға жуық немістер, шамамен 15%), халықтың 10 мыңы коммунистер болады деп болжанған.[4] Облыс құрамына Целиноград облысының Сілеті ауданы, Павлодар облысының Ертіс ауданы, Көкшетау облысының Уәлиханов ауданы, Қарағанды облысының Молодежный ауданының Молодежный поселкелік кеңесі, Дальний, Пролетар, Родников, Тельман және Шідерті селолық кеңестерін біріктіру көзделді. 1979 жылы 31 мамырда КОКП ОК Саяси Бюросының отырысында бұл мәселе он бірінші күн тәртібінде болды және ұсыныс еш қарсылықсыз бірден мақұлданған болатын.[5] 18 маусымда Целиноградта неміс автономиясының құрылуына байланысты салтанатты жиын өткізіліп, мерекелік шараға оның басшысы болып тағайындалған Целиноград облысы Краснознамен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ұлты неміс А.Г. Браун мен Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев қатысатындығы белгілі болды.

Алайда немістерге автономия құру қарсаңында Целиноград оқиғасы орын алды. 16 маусым күні таңғы сағат 8:00-де жастар алаңға шығып, қаладан демонстрациялармен өтіп, сағат 10:00-да Ленин алаңында жиналды. Митинг шамамен бір сағатқа созылды, бірнеше жүздеген қазақ жастары қатысты.[6] Олар неміс автономиясының құрылуына қарсы екендіктерін мәлімдеп, орындалмаған жағдайда 19 маусымда және 22 маусымда қайта шеруге шығатындықтарын мәлімдеді. 19 маусымдағы митинг ауқымдырақ өтіп, мыңдаған адамдар қатысты, жастармен қатар Ұлы Отан соғысының ардагерлері де шеруге шықты. Нәтижесінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Ефимович Морозов неміс автономиясын құрудың жойылғандығын мәлімдеді.

Бүгінгі таңда Алматыдағы оқиға мен Целиноград оқиғасында жастарды алаңға шығарып, ерен ерлік танытқан, қауіптің алдын алған тұлғалар ретінде Дінмұхаммед

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Ахметұлы Қонаев пен Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің есімдері бекерден бекер аталып жүрмегендері анық. Бұл оқиғаларға олардың қатыстылығының болуы шынайылыққа жанасады. Себебі олар кұпия, әрі жасырын ақпараттардан бірінші болып хабардар болатындар.

Неміс автономиялық облысы құрылуының тоқтатылуы қазақ елін қасіретке толы болашағынан аман алып қалды деп есептейміз.

Қорытындылай келе, Қазақстанда Неміс автономиялық аймағын құру идеясы, бірінші кезекте, 1970 жылдары тұрақты өскен кеңестік немістердің жаппай кетуімен тығыз байланысты болды. Олардың автономия алу талаптарының қанағаттандырылмауы, орыстармен ассимиляциясы салдарынан мәдениетінің жойылу қаупін сезінуі эмиграцияға әкеліп соқты. Осы орын алған жағдайларға байланысты КОКП Орталық Комитеті тығырықтан шығу тәсілі ретінде Қазақстанда Неміс автономиясын құру идеясын дамытты. Ол 1979 жылы 31 мамырда КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының отырысында мақұлданды. Бірақ Целиноградта бұл идеяны жүзеге асыру қарсаңында қазақ жастарында толқулар пайда болды, сол себепті бұл жоспардан бас тарту туралы шешім қабылданды. Ұлттық төзбеушіліктің кез-келген көрінісі енді «империялық өткеннің», «ұлттық бірегейліктің оянуының», «тарихи әділеттілікке жетудің» мұрасы ретінде ұғындырылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ауман, Чеботарева. (сост.) Указ. соч. Т. 2. М., 1994. С. 11-41.
2. S. Heitman, "Soviet Germans," Central Asian Survey 12-1 (1993), p. 78.
3. О подготовке в Казахстане к немецкой автономии см. воспоминания В. Владимиров, работавшего тогда помощником Первого секретаря Компартии Казахстана Д.А. Кунаева: Владимиров В. Кремлевская карусель // Феникс (г. Алматы). 1993. № 1 (март). С. 290-299.
4. Ауман, Чеботарева. (сост.) Указ. соч. Т. 1. С. 190-192.
5. ЦХСД. Ф. 89. Оп. 25. Д. 3. Л. 1-2
6. 19 Омаров, Какен. Указ. соч. С. 53-55; Дик. Указ. соч.; Эрлих К. Судьба и люди // Собеседник (прил. к «Комсомольской Правде»). 1989. № 52. С. 13.

Балпанова Н.А.
Конфликтология, 1 курс PhD докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
nazim.balpanova@narxoz.kz

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНФЛИКТОЛОГИЯНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abstract: This paper explores current state and problems of conflict studies in Kazakhstan. Author argues that conflicts studies in Kazakhstan is developing as a part of political sciences and at the process of formation. As a new field of science, namely in Kazakhstan, conflict studies needs further institutionalization through publishing papers, dissertation thesis, textbooks and creating conflict study centers. In order to develop this field of science, training conflict studies experts is of great importance.

Key words: conflict, conflict studies, Kazakhstan, institutionalization.

Жаһандық пандемия салдары, әрі қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт төмендеуі конфликт әлеуетінің өсуіне алып келді. Конфликттің пайда болу себебі, оның өткірлігі мен ұзақтығы, салдарын зерттей және болашаққа болжам жасау арқылы біз